

## Облыс әкімі православтықтарды құттықтады

Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов 2017 жылғы 6-шы қаңтардан 7-ші қаңтарға қараған түні Констатнино-Еленинский шіркеуінде православ қостанайлықтарды Рождество мерекесімен құттықтады.

Діни шараны Қостанай және Рудный епископы Анатолий өткізді. Жиналғандарды құттықтау үшін сөз кезегі, алдымен, өңір басшысы Архимед Бегежанұлына берілді.

Құрметті қостанайлықтар! Сіздерді Рождество мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке көптеген жылдар бойы жақсылықты, татулықты насихаттап келеді. Ол барлық дін өкілдерін біріктіреді. Біздің көп ұлтты мемлекетімізде Құрбан айт мейрамы да, Рождество мен басқа да діни және ұлттық мерекелер айрықша аталып өтеледі. Бұл – Қазақстанда тұратын барлық этностардың берік достығының



нышаны. Бүгіндері Орыс православтық шіркеуінің митрополиттік округі Қазақстан бойынша 326 қауымдастықтың басын біріктіріп отыр, ал Қостанай облысында 34 православтық діни бірлестігі жұмыс істейді. Діни тәрбие адамзаттың рухын нығайтуға, ел ішіндегі толеранттылықты сақтауға ықпал береді. Қазақстандықтардың бірлігі мен күш-жігерінің арқасында біздің еліміз өзіне сенімді, іргесі бекем елге айналды, - деді өз сөзінде облыс әкімі.

Өз кезегінде Анатолий Епископ дәстүр бойынша Архимед Мұхамбетовке ақ раушан гүлдерін сыйға тартып, қостанайлықтарды айтылмыш мерекемен құттықтады.

— Рождество мерекесі арқылы біз құдайды көруге, онымен адам ретінде байланыс орнатуға мүмкіндік аламыз. Бұл күн біз үшін өте маңызды. Осы күні өздерін жаман әдеттерден тыйған жандар құдайға жақындай түседі, - дейді ол.

## Бірінші курс курсанттарының алғашқы Жаңа жылы

Ең айтулы, барлық адамдар тағатсыздана күтетін Жаңа жыл мейрамын біздің Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 1-курс курсанттары есте қаларлықтай өткізді.

Біздер үшін ескі жыл қуаныштар мен жетістіктерге толы болғанымен, жаңа жылға алға қойып отырған мақсаттарымыз мен талпыныстарымыз ерекше. Өйткені 1-курс курсанттарының өз отбасыларынан алыс жерде өткізген бірінші Жаңа жылдары болса да, олардың көңіл-күйі көтеріңкі, барлығы да белсенді болды.

1-курс курсанттары арналған мерекелік дастархан Академия асханасында жайылды. Олар кешкі 19.00-ден бастап дастархан басына жайғасты. Бұл Жаңа жыл кешін 1-курс курсанттарын құттықтау үшін келген Академия бастығы полиция полковнигі М.Қызылов өзінің құттықтау сөзімен бастады.

Академия бастығының мағыналы да, ауқымды құттықтау сөзінен кейін курсанттар ас ішуге кірісе отырып, кішігірім концерттік бағдарлама тамашалады. Жаңажылдық көңіл-күй сыйлайтын концерттік бағдарлама ән шашулармен, қызықты сәттерге толы болды. Және де концерттік бағдарлама арасында 1-курс басшылығының барлығына құттықтау сөз берілді. Курс бастығы полиция подполковнигі Ө.Тажмұханов өз курсанттарына құттықтау сөз айтып, оларға Жаңа жылға жаңа күшпен кірісуге, жаңа табыстарға жетуге ұмтылыс берді. 1-курс бастығының орынбасарлары барлығы курсанттарға құттықтау сөз айтып, жылы лебіз-тілектерін жеткізді.



1-курс курсанттары Жаңа жыл мерекесін ұйымдастырып берген курс басшылығына рахмет айтып, оларды өз аттарынан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

Мерекелік дастарханға жиналған бірінші курс курсанттарының көңіл күйі өте тамаша болды. Осыдан кейін курсанттар Елбасының құттықтау сөзін тосты. Елбасының құттықтау сөзінен кейін барлық курсанттар сыртқа шығып сапталды.

Осы Жаңа жыл мерекесі 1-курс курсанттарының әрқайсысының өмірлік есте қалатын қайталанбас жаңа жылдары болды. Жаңа жылды көңілді қарсы алған курсанттар өз жанұяларынан алыс жерде жүргендерін ұмытқандай сезімге бөленді. Осылайша 1-курс курсанттары Жаңа жылды ойдағыдай емес, ойдағыдан да жоғары дәрежеде қарсы алды.

**Досжан ӘДІЛДӘБЕКОВ,**  
**ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы**  
**Қостанай академиясы курсанттар**  
**баспасөзінің мүшесі,**  
**1-курс курсанты**

## Сот ісін жүргізу тілінің еркін таңдалуын қатаң сақтау ескертілді

Өткен 2016 жылдың соңғы күндерінің бірінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотында Қайрат Мәмидің төрағалығымен кезекті жалпы отырыс болып өтті.

Оның жұмысына Жоғарғы Соттың алқа төрағалары мен судьялары, Ғылыми-консультативтік кеңес мүшелері, Конституциялық кеңес, Бас прокуратура, министрліктер мен ведомстволар өкілдері қатысты. Қайрат Мәми отырысқа қатысушылардың назарын республика судьяларының VII съезінде Мемлекет басшысы белгілеген құқықтық айқындылық деңгейін арттыру, тұрақты әрі болжамды сот практикасын қалыптастыру міндеттерін іске асыру қажеттігіне аударды. Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары дәл осы міндетті шешуге бағытталып отыр. Күн тәртібіне сәйкес Жоғарғы соттың бес нормативтік қаулысының жобасы талқыланды. «Сот ісін жүргізу тілі принципін қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының жобасын ұсына келе, Қ.Мәми: «Қылмыстық қудалау органдары әдетте тергеу іс-шараларын жүргізу және құжаттарды әзірлеу барысында орыс тілін қолдануға басымдық береді. Осы ретте, олар қылмыстық қудалауға тартылған адамдардың сот ісін жүргізу тілін жеткілікті білмейтіндігіне мән бермей, осылайша олардың құқықтары мен қылмыстық-процестік заңнама талаптарын бұзады», - деп атап өтті. Одан әрі Қ.Мәми сот ісін жүргізу тілін еркін таңдау принципін қатаң әрі нақты сақтау сот қорғауының қолжетімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, істің мән-жайын дұрыс анықтауға, заңды әрі негізделген сот шешімін шығаруға ықпал ететіндігіне тоқталды.

Сондықтан да осы саладағы құқық қолдану мәселелерін түсіндіру сот практикасы үшін зор маңызға

ие. Жоғарғы Сот судьясы Бағлан Мақұлбеков осы нормативтік қаулының жобасы Жоғарғы Соттың бастамасымен әзірленгенін айтты. Судьяның пікірінше, Азаматтық процестік, Қылмыстық процестік және Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодекстерде сот ісін жүргізу туралы мәселе толық қамтылмаған. Азаматтық істер бойынша тараптар, тергеуде жүрген адамдар мен сотталушылардың өздері көп жағдайда сот ісін жүргізу тілі принципін сақтамайтындығы, сот ісін жүргізу тілін таңдауға қатысты олардың өз құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол беретіндігі айтылды. Нормативтік қаулы басты мәселелердің бірі - АПК-нің 14-бабының талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді деген қағидадан туындайтындығын түсіндіреді.

Жоғарғы сот төрағасы «Соттардың қылмысқа қатыстылық пен қылмыстық құқық бұзушылыққа дем берушілік үшін жауаптылық туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулының маңыздылығын айта келе, бұл жоба 2016 жылғы 5 тамызда Президент Әкімшілігінде өткен кеңеске қатысушылардың экстремизм мен терроризмге қатыстылық үшін жауаптылықты күшейту туралы шешіміне сәйкес әзірленгенін атап өтті. Ол Мемлекет басшысының қазіргі таңда терроризмнің қаупі біздің халықаралық қауіпсіздік туралы түсінігімізді түбегейлі өзгерткенін туралы айтқан ойын еске салды. Бұған әлемде, Алматы мен Ақтөбе қалаларында соңғы кездері орын алған оқиғалар дәлел болып табылады. Қ.Мәми терроризм мен экстремизм актілеріне дем берушілік пен қатыстылық үшін жауаптылық туралы заңнаманы дұрыс әрі біркелкі қолдануды қамтамасыз етуге бағытталғандықтан,

аталған нормативтік қаулының сот практикасы үшін маңызы зор екендігін атап өтті. Осы нормативтік қаулының жобасын таныстыра келе, Жоғарғы сот судьясы Әбдрашид Жүкенов жоба қылмысқа қатыстылықты анықтап, оның негізгі түрлерін, бірқатар адамдардың қылмысты хабарламағаны және оны күні бұрын уәделеспей жасырғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтындығы туралы конституциялық қағидады түсіндіреді. Нормативтік қаулыда адамның әзірленуіне нақты белгілі болған немесе жасалған қылмыстық құқықбұзушылық туралы фактілерді хабарламағандығын, осылайша өзінің азаматтық және моральдық борышын орындамағандығын анықтаған жағдайда судьялар жеке қаулы шығару арқылы осы міндетті тиісті ұйымдардың назарына жеткізуге құқылы екендігі көрсетілген.

Адамның әзірленіп жатқан немесе жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы нақты белгілі ақпаратты уақытылы хабарлау арқылы сот төрелігіне көмектесудің барлық жағдайларында соттар жеке қаулы шығару арқылы тиісті ұйымдардың алдына аталған адамды көтермелеу қажеттігі туралы мәселені қою керектігі айтылды. Қылмысты жасырып қалу, қылмыс жасаған адамның қылмысты, оның құралдары мен қаруларын, қылмыстың іздері мен өзге де дәлелдемелерді жасыру тәсілдері ұғымдарының мәні ашып көрсетілді. Жоғарғы сот судьясы Денис Шипп «Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігін қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулыны таныстыра келе, Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы заңнама құрамы мен ондағы халықаралық шарттардың орны, ӘҚБтК-дегі оқпалықтың бар екендігін атап өтті. Нормативтік

қаулы соттарға осы оқпалықтарды сот төрелігі туралы конституциялық нормалармен және адам мен азаматтық құқықтары туралы әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы заңнама принциптерімен толықтыруға ұсыным береді.

Соттарға заңсыз қаулыны қайта қарау барысында сот сатысы осы қаулыны орындау мен байланысты болуы мүмкін еместігін түсіндіреді. Ескерту өндіріп алудың жеткілікті шарасы болып табылатындықтан, кез келген қосымша өндіріп алу Ерекше бөлімнің баптарының санкцияларында көзделген өзге де негізгі өндіріп алуды, мәселен әкімшілік айыппұлды тағайындау барысында ғана қолданылуы тиіс екендігі айтылды. Нормативтік қаулы құқықбұзушылық субъектілерінің жекелеген санаттарына әкімшілік қамғау алуды қолданудың мүмкін еместігі жағдайында егер ӘҚБтК-нің 42-бабының 2-бөлігінде негізгі әкімшілік өндіріп алу ретінде осындай өндіріп алу шараларын қолдануға жол берілетін болса, қосымша өндіріп алуды қолдануға болатындығын түсіндіреді. Бұған қоса, жобада өндіріп алудың өзге де шараларын қолдану, арнайы құқықтан айыру мерзімдерін есептеу, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу немесе тоқтатуды тағайындау тәртібі түсіндірілген. Жоғарғы соттың судьясы Ерден Әріпов «Қазақстан Республикасы

Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» нормативтік қаулының жобасын таныстырды. Жоба қылмыстылықты немесе әрекетті жазалауды болдырмайтын, басқаша айтқанда, қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған тұлғаның жағдайын жақсартатын заңдар, декриминализациялау ұғымдарын, сондай-ақ жауаптылықты немесе жазаны жеңілдететін нормаларды түсіндіреді. Нормативтік қаулыда сотқа дейінгі тергеу органы, бірінші,

апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттар өздерінің қарауында жатқан қылмыстық істер бойынша кері күшке ие заңды тікелей қолданатындығы айтылған.

Осы ретте, егер жаңа қылмыстық заң қылмыстылықты немесе әрекетті жазалауды болдырмаса, онда ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 6-тармағының талаптарына сәйкес іс қай кезеңде қаралып жатқандығына қарамастан, осы негіздер бойынша өндірістен қысқартылуға жатады. Осы орайда егер адам жасаған әрекет неғұрлым ауыр қылмыстық құқықбұзушылық санатына ауысса немесе қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған адамның жағдайын басқаша ауырлатса, онда қылмыстық заңның кері күшінің болмайтындығы туралы түсіндірме беріледі. Жоғарғы соттың судьясы Ербол Рахымбеков «Соттардың қылмыстық істерді қысқартылған тәртіппен қарауы туралы» нормативтік қаулының жобасын таныстыра келе, сот төрелігінің тиімділігін арттырудың кез-келген мемлекеттің табысты дамуына қажетті шарты болып табылатындығын атап өтті.

Е.Рахымбеков заңнамада болған, бірақ жаңа ҚПК-нің 2014 жылы күшіне енуіне байланысты өзгерістерге ұшыраған сот тергеуінің қысқартылған тәртібін жоғарыда аталған жағдайға қол жеткізетін тәсілдің бірі деп атап өтті. Нормативтік қаулының жобасында, атап айтқанда қандай құқықбұзушылықтың айтарлықтай және басты сот талқылауын тағайындауға кедергі жасайтындығы, басты сот талқылауында анықталған қандай кемшіліктер сотқа оларды жою үшін істі прокурорға жіберуге негіз беретіндігін түсіндіреді. Жалпы отырысқа қатысушылар нормативтік қаулылардың жобаларын талқылап, оларға ұсыныстар мен ескертпелер енгізді.

**ҚазАқпарат**



## Қалыбек Деріпсалдин ағамыздың еңбегі бағаланды

Бытыр Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы елімізде өз деңгейінде барынша тойланған болатын. Елдің дамуына, көркеюіне зор үлес қосқан азаматтар мемлекет деңгейінде зор марапаттарға ие болғанын да білеміз.

Осындай тамаша іс-шараның бірі Қостанайда ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналып өткізілген марапаттау кешін айтуға болады. Бұл іс-шараға еңбек ардагерлері, қоғамдық кеңес мүшелері, облыстық мәслихат депутаттары, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, білім, ғылым қызметкерлері т.б. қонақтар шақырылды.

Осы марапаттау кешінде әріптесіміз, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қызметкері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, белгілі өнші-композитор, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Қалыбек Деріпсалдин Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2016 жылғы 5 желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Бұл медальді Қалыбек ағамызға салтанатты марапаттау кешінде Қостанай облысының әкімі А. Мұхамбетов көпшіліктің алдында табыстады.

Біз де қуанышқа кенелген әріптесімізді шын жүректен құттықтай отырып, отбасына бақыт, еңбегіне шабыт тілейміз. Қашанда абыройыңыз жанып, еңбегіңіз бағалана берсін.

**Мейрам ОСПАНОВ,**  
**ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы**  
**Қостанай академиясының баспасөз хатшысы**

## «Қазақстан әлемдік қауіпсіздікке сүбелі үлес қосып келеді»

дейді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ғалым Әділ АХМЕТОВ

**Биылдан бастап Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі қызметіне ресми түрде кірісті. Осы маңызды миссияны еліміз 2018 жылдың соңына дейін атқармақ.**

Аталған міндет Қауіпсіздік кеңесінде төрағалық етуге, отырыс шақыруға және талқыланатын күн тәртібін түзуге құқық береді. Мұнымен қоса, республикамыз үшін өзекті мәселелерді көтеріп, әлем назарын аударуға мүмкіндік туып тұр. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып 2016 жылдың 28 маусымында сайланды. Біздің кандидатураны 138 мемлекет қолдаған. Қазақстан - әлемдік маңызы зор ұйымның саяси органына сайланған Орталық Азиядағы алғашқы ел. Бұл мүшеліктің маңыздылығын ескере отырып, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ғалым Әділ Ахметовпен арадағы сұхбатымызды көпшілік назарына ұсынуды жөн көрдік.

- Әділ Құрманжанұлы, еліміз үшін БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне тұрақты емес мүшеліктің маңызы қандай?

- БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне екі жылдық мандаты Қазақстанға тиесілі екені белгілі. Бірнеше елдің ішінде таңдау біздің елге түсті. Біріншіден, бізге деген осы маңызды сенім еліміздің мәртебесін көтереді. Бұған дейін осындай деңгейде мүше болмаған едік. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі алпауыт бес мемлекеттен тұрады, қалған оны әр екі жылда ауысып тұрады. Міне, енді Қазақстан осы абыройлы міндетке 2017 жылдан бастап кірісті. Таяуда қазақстандық делегацияны ҚР Уақытша сенімді өкілі Барлыбай Садықов бастап барып, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде 2017 жылғы Кеңестің алғашқы отырысына қатысты. Осыны өзім тарихи оқиға деп бағалап отырмын.

Екіншіден, өздеріңіз білесіздер, көп жылдардан бері ядролық қаруға қарсы салмақты қадамдардың басында Қазақстан тұрғаны белгілі. Өйткені, еліміз Семей сынақ полигонын жауып, ядролық қарудан өз еркімен бас тартты. Сондықтан БҰҰ-да Қазақстанның абыройы өте жоғары.

Үшіншіден, Вашингтонда өткен

антиядролық саммитте Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жария еткен «Әлем. XXI ғасыр» атты манифесінің маңызы зор. Бұл ауқымды құжатта Мемлекет басшысы қазіргі заманда бүкіл әлемге қарсы сын-қатерді өте салмақты дәйектермен дәлелдеген. Осы орайда XXI ғасырда қауіп төніп тұрған шиеленістердің тұтануына мүмкіндік бермеуді көздейтін БҰҰ-ның арнайы халықаралық конференциясын өткізу қажет екеніне үлкен мән берілген, сондай-ақ бұл шараны кешеуілдетпей, тез іске асыру қажеттігі де баса айтылған. Жалпы, осы бағытта бір мәмілеге келіп, ядролық қаруы жоқ аймақтарды көбейту керек.

Қазіргі кезде барлығы бірін-бірі аңдып отыр. Адамзат алдында тұрған қатерлерді жою үшін ҚР Президентінің «Әлем. XXI ғасыр» атты манифесте атап өтілген «жол картасын» іске асыру маңызды. Осы тұрғыдан алғанда алдымыздағы екі жылда Қазақстан бұл бағытта үлкен шараларды іске асыруға қауқарлы деп ойлаймын.

20-шы ғасырда жаппай қырып жоятын ядролық қарулар тек алпауыт елдердің ғана уысында болса, бүгінгі таңда ондай қару шығаруға техникалық мүмкіндіктері жеткілікті мемлекеттердің саны 40-қа жетіп отыр және олардың арасында экономикалық тұрғыдан әлсіз елдер де баршылық. Бұл қай тұрғыдан болмасын өте қауіпті сын-қатер екені дау туғызбайды. Өйткені, түптің түбінде бұл күллі өркениет пен адам баласының тегіс жойылып кетуіне апаратын түйік та, қатерлі жол.

Қазақстанның алдына қойып отырған мақсаты ядролық қаруы жоқ аумақтарды көбейтуге атсалысуға негізделген. Жалпы, Орталық Азияда ядролық қару болмауы керек деген бастаманы Қазақстан бастаған еді. Осы орайда көрші мемлекеттер елімізді қолдады. Бүгінде бұл өңірде қауіпті қару мүлдем жоқ. Бірақ, Қазақстанның мақсаты - барлық құрлықтарда аталған қарудан тазартуға қатысты жұмыстарда ықпалын жалғастыру болып табылады.

- Үлбі металлургиялық зауыты қоймасында МАГАТЭ-нің төмен байытылған ураны сақталатын болады. Осы тұрғыда не айтар едіңіз?

- Бүгінде әлем елдерімен қатар халықаралық ұйымдар да Қазақстанның жаһандық аренадағы бастамаларына

үлкен сеніммен қарап отыр. Бұл ретте Төмен байытылған уран банкінің елімізде құрылуы осы сеніммен тығыз байланысты. Неге МАГАТЭ басқа елдерде осы банкті құрмады? Себебі, басқаларға сенбейді. Қазақстан бұл бағытта әлемдік қауіпсіздікті үнемі назарда ұстап келе жатқанын айқын көрсете алды. Алдағы уақытта да бейбіт атомды дамытуға атсалысамыз, ал ядролық қаруды жоюға барынша күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз.

Халықаралық лаңкестіктің етек алуымен байланысты ендігі апат, сын-қатерлердің бір парасы әлемдегі атом электр стансалары десек, мүлде артық айтқандық емес. Сондықтан осындай электр стансалардың да қауіпсіздігін күшейту керек болып тұр. Өйткені, үстіміздегі жылы лаңкестердің Бельгиядағы атом электр стансасын жармақ болған әрекеті бұған нақты дәлел бола алады. Бұл тұрғыдан келгенде, бүгінгі таңда әлемнің 31 елінде электр қуатын өндіретін 192 атом электр стансаларының барлығы да осы сын-қатерлердің нысандарына жататыны күмән тудырмаса керек.

- Сирия проблемасын реттеуге арналған келіссөздер 23 қаңтарда Астанада өтетіндігі хабарланған болатын. Жалпы, осы тектес бітімгерлік келіссөздер Қазақстанда өткізілуі жиілеп келе жатқан секілді?

- Сирияда соғысты тоқтату бойынша үлкен әрекеттер жасалуда. Атап айтқанда, Қазақстан әрі қарай да бұл проблеманы реттеуде 2017 жылдың 1 қаңтарынан 2018 жылдың 31 желтоқсаны аралығында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде ықпал етуге әзір. Бірқатар елдер Астанадағы бұл келіссөздерге қолдау білдіріп отыр. Сондықтан бұл фактор Қазақстанның мүшелігі аясында тиімді қадамдарға үлес қосып жүргендігін дәлелдеуде. Себебі, бұндай мәселелерде Қазақстан Президентінің рөлі өте зор. Осыған дейін еліміз Түркия мен Ресейдің арасын жақындатуға, Украинадағы жағдайды реттеуде, сондай-ақ Иран мәселесінде мәмілегерлік әрекеттер жасады. Бұл фактілердің барлығы Қазақстанның мәртебесін айқын көрсетіп тұр.

**Руслан ҒАББАСОВ,**  
**ҚазАқпарат тілшісі**

## Мемқызметшілер Шаханда зардап шеккендерге қаржы аударды

Қарағанды облысы Шахан кентінде үйдің бөлігі құлаған кезде зардап шеккен отбасыларға көмек ретінде Қостанай облысының мемлекеттік қызметшілері 11 миллион теңгеден астам қаражат жинады.

Жиналған қаражат «Шахтинск қаласы Шахан кентінде орын алған төтенше оқиға салдарынан зардап шеккен тұлғаларға көмек қоры» жеке қайырымдылық қорына аударылды. Қаржы жинауға жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері, барлық деңгейдегі әкімдер, облыстық басқармалар мен ведомстволық бағынысты мекемелер қызметкерлері қатысты. Соңғы дерекке сәйкес жиналған қаржы 41 млн теңгені құраған.

Қостанай облысы әкімі баспасөз қызметінің жетекшісі Әсия Аймағамбетованың айтуынша, қазір өңірде барлық жылыту көздері толықтай тексерілуде. Бұған облыс әкімі бастамашылық етті. «Жылу беру маусымы басталарда барлық жылумен жабдықтау нысандары тексерілгеніне қарамастан, облыс тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар қабылдау қажет», - деп атап өтті өңір басшысы. Әлеуетті тәуекелдер анықталған жағдайда оларды жою шаралары қабылданатын болады.

Еске салсақ, 1 қаңтарда сағат 22.40 минутта Шахан кентінде көп қабатты үйдің бөлігі құлады. 9 адам қаза тапты, олардың 3-еуі бала. Оқиға себебін арнайы комиссия тексеруде. Алдын ала дерек бойынша апат автоматты жылу жүйесінің ақауынан болған. Тұрғындар пәтерлеріне оралуда. Сарапшылар үш кіреберісті жарамды деп таныды, жылу жүйесі қалпына келтірілді. Бұл үшін модульдік қазандық орнатылды.

*inform.kz*

## Жарамдылық мерзімі ұзартылды

**Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 2006 жылғы үлгідегі және 2014 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңінің 2017 жылғы 1 наурызға дейін ұзартылғанын хабарлады.**

“Аталған күнге дейін бұл банкноттар заңды төлем құралы болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдер және банк операциялары үшін қандай да болмасын шектеусіз пайдаланылады. 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттарды Ұлттық Банктің барлық филиалдарында олардың айналыста болуының аяқталу күнін күтпей айырбастауға болады”, — делінген хабарламада.

Ал одан кейін 12 ай ішінде – 2017 жылғы 1 наурыз бен 2018 жылғы 28 ақпан аралығын қоса алғанда, көрсетілген банкноттар кез келген екінші деңгейдегі банкте айырбасталатыны айтылады. Сонымен қатар, ҚР Ұлттық банкінің барлық филиалдарында 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттар айырбастау үшін 2021 жылғы 28 ақпанға дейін қабылданатыны, филиалдары бұл банкноттарды комиссия алмай айырбастайтыны, бұл ретте Ұлттық банк заңды төлем құралы болып табылатын номиналы 1000 теңгелік ескерткіш банкноттардың айналыста екендігін хабарлады.

## Прокуратура тесерген еді...

**Қостанай облысында прокуратура тексерісінен кейін дәрігерлерге өткен жылдардың емдік жәрдемақылары төленді, — деп хабарлайды “Тенгри ньюс” жергілікті прокуратураның баспасөз қызметіне сілтеме жасап.**

Ұзынкөл аудандық ауруханасының 164 медицина қызметкеріне 2014-2015 жылдары төленбей қалған жәрдемақының сомасы 25 миллион теңгені құраған.

Қадағалау органы мұны аурухана қызметкерлерінің әлеуметтік құқығын өрескел бұзу деп танып, аурухана жетекшілігінен жағдайды түзеуді талап еткен. Ведомствоның баспасөз хатшысы Алма Нұрсейітованың айтуынша, дәрігерлер прокурорлардың әлеуметтік құқықты қорғау бойынша өткізген тексерісі кезіндегі кәсіби әрекетіне жоғары баға берген.

Биыл Ұзынкөл ауданында жалпы 1792 тұлғаның конституциялық құқығы қорғалып, соның ішінде 81 миллион теңге еңбекақы төленді.

**Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru**



## Зейнетақы мөлшері биылғы жылы өсетін болды

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасына орай, 2017 жылы зейнетақы мөлшері біршама ұлғайтылатындығы баршаға мәлім.

Нақтырақ айтқанда, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ҚР Қаржы министрлігімен бірлесіп жүргізген есептеріне сәйкес, 2017 жылғы 1 шілдесінен бастап базалық және ынтымақты зейнетақы мөлшері 20%-ға өсетін болады.

«2017-2019 жылдарға арналған бюджетке сәйкес, ынтымақты зейнетақының мөлшері 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 9%-ға, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2017 жылдың 1 шілдесінен тағы да 11%-ға ұлғайтылады.

Мәселен, егер ынтымақты зейнетақы мөлшері 2016 жылы 40 000 теңге болса, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап 9%-ға арттырылып, 43 600 теңгені құрайтын болады. 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап тағы 11%-ға ұлғайтылып, жалпы мөлшері 48 396 теңге болады. Осылайша, 2017 жылы ынтымақты зейнетақы мөлшері 2016 жылмен салыстырғанда 20%-ға ұлғайтылмақ.

Базалық зейнетақы 2017 жылғы 1 қаңтардан 7%-ға, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2017 жылдың 1 шілдесінен тағы да 13%-ға ұлғайтылады. Мәселен, өткен 2016 жылы егер базалық зейнетақы мөлшері 11 965 теңге болса, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап 7%-ға арттырылып, 12 802 теңгені құрайтын болады. 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап тағы 13%-ға ұлғайтылып, жалпы мөлшері 14 466 теңге болады. Осылайша, 2017 жылы базалық зейнетақы мөлшері 2016 жылмен салыстырғанда 20%-ға арттырылады»,- деп хабарлаған болатын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова.

Сонымен қатар, Министр 2,1 млн-ға жуық зейнеткердің зейнетақысын арттыру мақсатында республикалық бюджеттен қосымша 79,8 млрд. теңге бөлінетінін атап айтты. Жоғарыда аталған өзгерістерді ескере отырып, зейнетақының ең төменгі мөлшері (базалық зейнетақыны есептегенде) 2016 жылғы 37 789 теңгеден 2017 жылғы 1 шілдеде 45 711 теңгеге артады. Зейнетақының орташа мөлшері (базалық зейнетақыны есептегенде) 55 154 теңгеден 66 721 теңгеге дейін ұлғаяды.

## Жолдасбек спорт шебері атанды

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында оқып жатқан курсанттар жақсы білім алумен қатар әртүрлі спорттық жетістіктерге де қол жеткізіп жүргендігі жұртшылыққа мәлім.



Мәселен, 2016 жылғы қазанның 14-16 аралығында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы спорт кешенінде академик Шайсұлтан Шаяхметовты еске алуға арналған әскери самбодан 23 жасқа дейінгі жастар арасында Қазақстан Республикасы чемпионаты өткізілген болатын.

Осы чемпионатта 90 келі салмақ дәрежесінде Қостанай академиясының 3-курс курсанты Ануаров Жолдасбек 1-ші орынды жеңіп алған еді. Осы жетістігі үшін оған әскери самбодан «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағы берілді.

Өткен жылдың соңғы күндерінің бірінде ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция полковнигі М.А. Қызылов курсант Жолдасбек Ануаровты құттықтап, әскери самбодан «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағының куәлігін табыс етті.

**ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев ат. Қостанай академиясының баспасөз қызметі**

СОТ ЗАЛЫНАН

## Алты жылға бас бостандығынан айырды

Бытырғы жылдың аяғында Қостанай қаласының № 2 сотына Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мамандандырылған балалар-жасөспірімдер футбол мектебі» КММ бас бухгалтері болған 32 жастағы Олесья Дациеваға қатысты қылмыстық іс түкен болатын.

Ол ҚР ҚК-нің 189-бабы 3-бөлігі 1,2-тармағы бойынша (сеніп тапсырылған бөтен мүлкікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу) айыпталды.

Іс материалдары бойынша, азаматша Дациева материалды жауапты тұлға бола тұра бөтен мүлікке қатысты сыбайлас жемқорлық қылмысын жасап, мемлекетке материалдық шығын келтірген.

Тәртіпке сай спорттық сайыстар өткізуге кететін шығындарды өтеу туралы бұйрықпен бірге іссапарлық шығындарды өтеу үшін қажетті сома көрсетілген шығындық смета ұсынылады. Осыдан кейін бухгалтер корпоративтік карточкадан семтаға сәйкес іссапар шығынын төлеу үшін қажетті соманы шешіп алады. Бұл қаражат міндетті түрде кассаға кірістеліп, кассалық ордермен берілуі тиіс.

Алайда, мекеменің корпоративтік карточкасынан сметаға сай қаражаттарды алған бас бухгалтер оны кассада кірістемеген. Сонымен қатар, корпоративтік есепшоттан бапкерлердің жеке шоттарына іссапарлық шығын ретінде қаражат аударып, кейін корпоративтік шоттан шығын сметасына сай алынған соманың іссапарлық шығын көлемін өзіне қалдырып отырған.

Осылайша 2012-2015 жылдар аралығында әрекет еткен айыпталушы мемлекетке 1,5 млн. теңге шығын келтірген. Сондай-ақ азаматша көрсетілген мерзім аралығында ақша алуға тиісті бұйрықсыз, аванстық есеп ұсынуысыз

корпоративтік карточкадан еш негізсіз 1 961 152 теңге алып, оны өз қажеттіліктеріне жұмсаған. Кейін оны өз жалақысынан өтемеген. Осылайша азаматша Д-ның әрекетінен Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөліміне 3 448 838 теңге көлемінде шығын келген.

Сот үкімімен О. Дациева қылмыстық әрекетте айыпты деп танылып, оған жалпы тәртіптегі колонияда 6 жыл бас бостандығынан айыру, мүлкін тәркілеу және өмір бойына мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығынан айыру жазасы тағайындалды.

## Моральдық залал өндірілетін болды

Өткен жылдың аяғына таман Қостанай қалалық соты «Вестах» ЖШС жұмыс істеу кезінде қаза тапқан жұмыскердің зайыбы Елена Семенованың аталған серіктестіктен моральдық залалды өндіру туралы шағымын қарады.

Осыдан 5 жыл бұрын, 2011 жылдың 29 маусымында сағат 22.45 шамасында директордың орынбасары Д. Иванченконың еңбек қорғау ережесін және техникалық қауіпсіздік шараларын дөрекі бұзуының салдарынан слесарь-бригадир Д. Семенов «Вестах» ЖШС аумағында автобөлшектерді жүк көлігінен түсіріп жатып жоғарғы вольтты электр желісі сымдарына жанасуға жол береді. Тоққа түскен жұмыскер Д. Семенов қалалық ауруханада есін жимастан қаза тапқан.

Сот үкімімен Д. Иванченко қылмыстық құқық бұзушылықта айыпты деп танылып, оған екі жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Алайда қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімінің өтуіне байланысты Иванченко ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы 4-бөлігіне сәйкес жазаны өтеуден босатылған болатын.

Іс бойынша жәбірленуші азаматтық тәртіпте моральдық залалды өндіруге шағымданған.

Қаза болған азаматтың зайыбы сот отырысы барысында бес жыл бойы әділдікке қол жеткізуге күрескенін және асыраушыларының жоқтығынан ол қызымен моральдық және материалдық қиындықтарға тап болғанын алға тартқан.

Істі қарау нәтижесі бойынша Қостанай қалалық сотының шешімімен ЖШС-нен азаматша Е.Семенованың пайдасына 500000 теңге моральдық залал өтемі өндірілді.

## Үш адамның өлімі бойынша айыпталды

Қостанай облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 39 жастағы Алексей Супрядкин мен 37 жастағы Александр Коноваловқа қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімі шықты.

Бұл екеуі ҚР ҚК-нің 99-бабы 2-бөлігі 1,3,7- тармақтары, 200-бабы 2-бөлігі 1-тармағы (екі немесе одан көп адамды, кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамды өлтіру) бойынша айыпталған болатын.

Қылмыстық іс материалдары бойынша, бытырғы жылдың шілдесінде Супрядкин моншаға арналған қайын сыпырғыштарды дайындаушы ретінде Б-ның қарамағына жұмысқа орналасып, Сарыкөл ауданының Соңалы ауылында жалдамалы үйде тұрып жатады. Арада біраз уақыт өткен соң сотталушы Супрядкин мен жұмыс беруші Б. арасында келіспеушілік туындап, жұмыскер бірнеше рет жұмыс берушісінен соққы жеген.

30 шілдеде ішімдік ішкен Супрядкин мен Коновалов істеген жұмыстары үшін Б., М. және Ш. еңбекақыларын төлемейді деген болжам жасап, оларды өліруге шешім қабылдайды.

Қару ретінде сыпырғыш дайындауда пайдаланып жүрген балтаны алған Супрядкин үйде ұйықтап жатқан үшеуін балтамен

ұра бастайды. Оқиға орнында қаза болған жәбірленушілерді жол бойынша сайға апарып тастаған екеуі қаза болғандардың бірінің автокөлігін мініп, Рудныйға барады. Сол жерде оларды полиция қызметкерлері ұстаған.

Сот үкімімен олар қылмыстық әрекетте айыпты деп танылып, А.Супрядкин ерекше тәртіптегі колонияда өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. А.Коновалов 20 жылға сотталып, жазасын қатаң тәртіптегі колония өтейтін болды.

## Азаматшаның шағымын сот қанағаттандырмады

Қостанай қалалық сотына азаматша С. өзінің туған сіңілісі М-ға және жеке нотариуске анасының өсиетін заңсыз деп тану туралы шағымымен жүгінген.

Өткен жылдың сәуір айында апалы-сіңілі екі бойжеткеннің аналары қайтыс болады. Қайғылы оқиғадан кейін үлкен қыз С. анасы өз қазасына дейін алты күн бұрын өсиет жазып, пәтердің өзіне тиесілі үлесін кіші қызы М-ға қалдырғанын біледі.

Бұл өсиет хатты анасы өз еркімен емес, сіңілісі М-ның ықпалымен жасады деген болжам жасаған С. сотқа шағымданған. Талапкердің мәлімдеуінше, өсиет хатты анасы онкологиялық дертке шалдығуына орай қатты науқастанып, жаны қысылып жатқан кезде жасаған.

Сот отырысы барысында нотариусты шағымданушының өзі телефон арқылы үйге шақырғаны анықталды. Ал жауапкер бұл күндері Қостанайда болмаған. Өсиет хаттың формасы мен мазмұны сақталған, қол қою рәсімі бұзылмаған. Шағымданушы нотариус тарапынан қандай да бір кеткен кемшілікті дәлелдей алмады.

Іс бойынша екінші жауапкер жеке нотариус талап шағымды мойындамады. Ол «Нотариат туралы» ҚР Заңының 42, 43-баптарына сәйкес, нотариус немесе

лауазымды адам нотариаттық іс-әрекет жасаған кезде нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген азаматтың, оның өкілінің немесе заңды тұлға өкілінің жеке басын анықтайтынын және мәмілелерді куәландырған кезде азаматтардың іс-әрекетке қабілеттілігі анықталатындығын және нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде мәмілелерге қатысушы заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігі тексерілетіндігін айтты.

Сот барысында тараптар мен куәгерлердің дәлелін тыңдап, медициналық құжаттарды сараптаған сот шағымды қанағаттандырмады.

Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ.

## Қарабалық ауданының тұрғыны жазадан босатылды

Қостанай облысының Қарабалық аудандық соты ҚР ҚК 108-бабы (денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру) бойынша сотталған А-ның рақымшылық жасау актісін қолдану туралы өтінішін қарады.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық туралы» туралы 2016 жылдың 13 желтоқсандағы ҚР Заңының 2-бабы 1-бөлігі болмашы және ауыр емес қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жаздан босатуды көздейді.

А. аталмыш заң жобасы қабылданғанға дейін істі болып, сот үкімімен 70 сағаттық қоғамдық жұмысқа тартылу жазасына тартылған. Сотталушы сотқа жазадан босату туралы өтініш жазған. Ал пробақия қызметі өкілі бұл өтінішті қолдап, рақымшылық қолдануды сұраған.

Өтінішті қарау нәтижесі бойынша сот оны қанағаттандырып, сот қаулысымен А. 70 сағаттық қоғамдық жұмыстан босатылды.

**Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі**

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru